Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш жаршысы

№86 (9973)
31 қазан
сейсенбі
2023 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.




# Шахтадағы апат: 45 кенші көз жұмды



**28 қазан күні сағат 02.33-те Қарағанды облысындағы «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына тиесілі «Костенко» шахтасында жарылыс болды. Қайғылы жағдай қазақ жұртының қабырғасын қайыстырды. Апат кезінде шахтада 252 адам болған, 205 кенші жер бетіне шығарылған.**

Бас прокуратура Костенко атындағы шахтадағы оқиғаға қатысты қылмыстық іс қозғады. Болжам бойынша, лавада газ метанының жарылысы болған. Оқиға орнына сол күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев барды. Мемлекет басшысы қаза болған кеншілердің туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтты. Президент тапсырмасы бойынша оларға жан-жақты көмек көрсетіледі. Сондай-ақ Мемлекет басшысы «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтатуды тапсырды. Қазір «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ға қарасты 8 шахтаның жұмысы тоқтатылды.

– Мен Мемлекет басшысы ретінде баршаңызға көңіл айтамын. Бұл – қасірет. Бәрін түсінемін. Апат болды. Апаттың кесірінен көптеген адам қаза тапты. Сондықтан бұл жерге арнайы келдім. Тиісті шаралар қабылдаймыз, соның ішінде зардап шеккендердің отбасыларына көмек көрсетеміз. Қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасылары ешқандай мұқтаждық көрмеуі үшін Үкімет, әкімдік және қайырымдылық ұйымдарының алдында жан-жақты көмек көрсету міндеті тұр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтату жөнінде тапсырма берді.

– Бұл мекеме Үкіметпен және кәсіпорынмен ынтымақтастық тұрғысынан біздің тарихымыздағы ең нашар компания болды. Енді кәсіпорынның өзіне қатысты шаралар қабылдау туралы ойлануымыз керек. Басин Вадим Борисович деген азамат бар. Сіздер оны білесіздер. Ол бір кездері «АрселорМитталда» жұмыс істеген. Облыс әкімінің орынбасары болды. Мен оған қайтып келіп, кәсіпорынды басқаруды тапсырамын. Кәсіпорынның қазіргі басшылығының қолынан ештеңе келмейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қазіргі уақытта кеншілердің зейнетке шығу жасына қатысты мәселе қарастырылып жатқанын айтты. Сол күні Президент шахтада болған апат салдарын жою жөніндегі жедел штаб отырысын өткізді. Ең алдымен құтқару жұмыстарының барысы және қазіргі ахуал туралы Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов баяндады. Мұнан соң Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинherият зардап шеккен азаматтарға көрсетіліп жатқан медициналық көмек туралы мәлімдеді. Ал Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова қаза тапқан кеншілердің отбасыларына қандай әлеуметтік көмек көрсетілетінін айтты.

Қаза тапқан азаматтардың отбасыларына асыраушысынан айрылуына байланысты жәрдемақы тағайындалады. Тиісті қаражат республикалық бюджеттен, әлеуметтік сақтандыру қорынан және өмірді сақтандыру компаниясынан қаралады. Жәрдемақы көлемінің жалпы орташа мөлшері асырауындағы адамдар 18 жасқа толғанға дейін ай сайын 400-500 мың теңгеден басталады. Егер балалар жоғары оқу орындарында білім алып жатса, 23 жасқа дейін төленеді. Министрдің айтуынша, әзірге барлық төлемді өтеу «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына жүктеледі. Кәсіпорын ұжымдық шартқа сәйкес жылдық төлем тәуекелдерін төлеуге міндетті. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы жерлеу рәсімдеріне байланысты барлық шығынды, сондай-ақ балаларды жоғары оқу орындарында оқытуды өз мойнына алуға тиіс.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Үкімет «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының акционерлерімен алдын ала уағдаластыққа қол жеткізгенін және кәсіпорынға тиесілі меншік құқығын Қазақстан Республикасының пайдасына беру жөніндегі мәмілені ресімдеу процесі аяқталуға жақын екенін баяндады.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы 29 қазан Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады. Қарағанды облысы «Костенко» шахтасында қаза тапқан кеншілерді жерлеу рәсімі кеше басталды.

**Ерлан ӘНУАРҰЛЫ**

Алтын күз – 2023

# Арзан баға, сапалы өнім

**Жер-Ананы идіріп, төрт түлікті түлетіп отырған жалағаштық ағайын ала жаздай күтіп-баптаған егіндерін жинап, ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық түрінен жоғары өнім алды. Бұл ай – еңбеккерлер үшін молшылық айы. Өткен сенбіде орталықтағы Абай көшесінің бойында ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің жаз бойы еткен еңбегінің жемісінен халыққа дәм татты. Жәрмеңкеде өнімдер арзан бағада тұрғындарға ұсынылды.**



Таңсәріден базар бағасынан әлдеқайда төмен бағада сатылатын өнімді алуға келген жұрттың қарасы қалың. Таңмен таласа басталған жәрмеңкеде аудан әкімі Ардақ Ибраимов тауарлар бағамымен танысты. Аудан тұрғындарын арнайы «Алтын күз» мерекесімен құттықтаған Ардақ Әбдіғаппарұлы жәрмеңкедегі ауыл шаруашылық өнімдері өзге сауда орындарынан қолжетімді бағада сатылып жатқанына көз жеткізіп, халықтың ала жаздай жинаған несібесіне ризашылығын білдіріп, төмен бағада өнім ұсынған жергілікті өнім иелеріне өз алғысын жеткізді. Аталған көше бойына ұзыннан сөрелер қойылып, көліктер тізіліп қалды. Аудан тұрғындарына кент ішінен және ауылдық округтерден 55-ке жуық көлікпен 175 тонна азық-түлік өнімдері, мал азығы ұсынылды. Өнімдер нарық бағасынан 10-15 пайызға арзандатылып сатылды.

Берекелі күз мезгілінің несібесі тасыған бұл күнде Жаңадария, Таң ауылдарынан келген бау-бақша өнімдері жоғары сұранысқа ие болды.

Иә, Жаңадария десек, аудан халқының көз алдына қауын-қарбыз елестейтіні рас. Себебі жыл сайын шалғайдағы ағайын бақша өнімдерін баптаумен айналысады.

– Биыл жаңадариялықтар 200 гектар жерге бау-бақша өнімдерін екті. Нәтижесінде бүгінгі жәрмеңкеде халыққа 1 көлік балық, 10 көлік қауын-қарбыз, асқабақ, қызылша, сәбіз, картоп өнімдерін ұсынып тұрмыз. Құнарлы да сапалы өнімді саудалауға келген халықтың қатары көп, содан болар, былтырғыға қарағанда биылғы жәрмеңке ерекше өтуде. Дәмі тіл үйіретін, бағасы да қалтаға қонымды қауын-қарбыздарымызды аудан тұрғындары таласып алып жатыр. Бақша баптауды дәстүрге айналдырған жаңадариялықтар келесі жылы егіс көлемін ұлғайтып, басқа да өнімдерге басымдық беруді көздеп отырмыз, – дейді жаңадариялық Шоқан Айбатыр.

М.Шәменов, Бұқарбай батыр, Мәдениет, Қаракеткен ауылдық округтерінен әкелінген қысқы мал азығы арзан бағада тұрғындарға ұсынылды. Т.Жүргенов ауылынан отандық брендке айналған картоп пен «Құрманбай ата» алмасы халықтың көңілінен шығуда.

Сонымен қатар Ақсу, Еңбек, Аққұм, Есет батыр және Жаңаталап ауылдарынан қолжетімді бағада Сыр салысы жеткізілсе, Аққыр және Мырзабай ахун ауылдарынан ет өнімдері сөреге қойылды.

Жалпы жәрмеңкеде барлық өнімге аудан тұрғындарының сұранысы жоғары екеніне көзіміз жетті. Себебі күнделікті тұтынатын азық-түлік түрлері, картоп, сәбіз, пияз, қауын-қарбыз, қырыққабаттың бағасы базар бағамынан әлдеқайда төмен сатылды.

– Өзім көпбалалы анамын. Жылдағы дәстүр бойынша қыстың қамын жаз ойлап, картоп, сәбіз, пияз сияқты бақша дақылдарын молынан алу үшін таңсәріден ерте келдім. Ауыл еңбеккерлеріне алғысым шексіз, азық-түлік өнімдерінің түрі көп. Бастысы, халықтың қалтасына ауырлық түсірмей, нарықтағы бағадан 15-20 пайыз төмен сатуда. Жәрмеңкенің арқасында халық қыстың қамын жасап алуына мүмкіндік болып тұр. Мен сияқты жас отбасыларға нарық заманында базар бағасынан арзан болатын мұндай жәрмеңкелердің пайдасы мол. Әсіресе қауын, картоп, ет, сүт өнімдеріне және жаңадариялық қауын-қарбызға сұраныс жоғары болды. – дейді кент тұрғыны Мереке Қалымбет.

Алтын күздің мерекелі жәрмеңкесі аудан жұрты үшін берекелі өтті десек те болады. Себебі базар бағасынан әлдеқайда төмен бағамен сатылған өнімдерді жұрт таласып алып кетті. Осылайша ел несібесін молынан берген жәрмеңке бірнеше сағатқа созылып, қыс азығын қамдауға асығып, жәрмеңкені асыға күткен жергілікті тұрғындарды риза етті.




**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

Ел жаңалықтары



# Киік атудың да өз тәртібі бар

**Экология және табиғи ресурстар министрлігі киіктерді атуға рұқсат берілген аймақтарды атады.**

Министрліктің мәлімдемесінде киіктердің популяциясын басқару жөніндегі биологиялық негіздемеге сәйкес БҚО, Ақмола, Қостанай және Бетпақдала популяциясы үшін Қарағанды облысының аумағында киіктерді атуға рұқсат берілгені айтылған.

Сондай-ақ ведомство қай жастағы киіктерді атуға болатынын түсіндірді. Биологиялық негіздемеге сәйкес, Орал және Бетпақдала популяциялары үшін 2023 жылға киіктерді ату 15 пайыздан аспауы керек. Оның ішінде ересек аналықтары 50 пайыздан аспауы тиіс, жас төлдерді ату бойынша 35 пайыздан артық рұқсат берілмейді.

**«ЖЖ» ақпарат**



Сұхбат



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда еліміздегі еңбек ресурстарының тапшылығы бар өңірлерде жаңадан жұмыс орындарын ашу, мемлекеттен берілетін әлеуметтік көмекпен азаматтардың қамтылуы, жалпы әлеуметтік бағдарламалардың нәтижелі орындалуы бойынша Үкіметке пәрменді шаралар қабылдауды тапсырған болатын. Атап айтқанда, еңбек нарығын цифрландыру, жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын реформалау, нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту, тұрғындарды жұмыспен қамтуды арттыру үшін басқа да ауқымды іс-шаралар қарастырылған. Бүгінде жергілікті билік осы тапсырмалар аясында қандай міндеттерді атқарды және сол жобалардың іске асырылу барысы қалай? Жыл басынан бері қанша адам жұмыспен қамтылды? Осы және басқа да сұрақтарға жауап алу мақсатында аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөленбаевпен сұхбаттасқан едік...**

# Биыл 2161 жаңа жұмыс орны ашылды

***– Қанат Шамшатұлы, әуелі аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмысы, мақсаты жайында кеңірек айтып өтсеңіз...***

– Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жұмыссыз азаматтарды есепке тіркейді және жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем тағайындау үшін қажетті құжаттарды қабылдайды. Жұмыссыздарды тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетеді, уақытша жұмыс орындарын ұсынады. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқамерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастырады. Әлеуметтік кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады. Азаматтардың барлық санаттарына арналған бос орындар жәрмеңкесін және халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Бүгінде барлық қызметтер өз мерзімінде орындалып жатыр. Биыл аудан бюджетінен 1203615,9 мың теңге, оның ішінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бойынша 5775,64 мың теңге, жұмыспен қамту орталығы бойынша 626051,9 мың теңге қаржы қаралды. 2023 жылдың 1 қазанына қаралған қаржы – 907296,3 мың теңге, Оның бүгінде 907155,4 мың теңгесі, 99,98 пайызы игерілді.

***– Әлеуметтік көмек, жәрдемақылармен қамту шараларын жүргізу барысы, яғни атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау бойыншаауданда қандай жаңалықтар бар? Бұл ретте қандай іс тындырылып жатыр?***



– Биыл мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке аудан бюджетінен 126,7 млн теңге және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының бір жастан алты жасты қоса алғанда 19,8 млн теңге қаралды. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөнінде 19 учаскелік комиссия жұмыс істейді. Оның ішінде кент бойынша 5 учаскелік комиссия, әр ауылдық округ бойынша 1 учаскелік комиссиядан бекітілген.

Биыл атаулы әлеуметтік көмек 224 отбасының 1313 мүшесіне 69,2 млн теңге және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әр балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 186 отбасының 341 баласына 10,6 млн теңге, барлығы 79,8 млн теңге тағайындалып, 74,4 млн теңге төленді.

***– Атаулы әлеуметтік көмектен босатылған аудан азаматтары бар ма?***

– Иә, бар. 2023 жылдың 1 қазанына атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан 51 отбасының 293 мүшесі босатылды. Оның ішінде өз өтініші бойынша тоқтатылғандар – 12 отбасы, кедейлік шегінің мөлшерінен 35 отбасының табысы асып кеткен, 1 отбасы табысын жасырған, 3 отбасы комиссия шешімімен тоқтатылған. Себебі 1-еуінің ата-анасымен бірге тұрады, 1-еуі ірі қара малдарын жасырған, ал 1-еуі өтініште көрсетілген мекен-жайда тұрмайтыны анықталған.

***– Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке өтініш білдірген тұрғындар қатары көп пе? Статистика не дейді?***

– Әрине бүгінде мемлекет тарапынан қарастырылған әлеуметтік көмектер жеткілікті. Сондықтан әрбір азамат сол көмектен дәмелі. Нақтырақ айтқанда, ауданда мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке өтініш білдірген 224 отбасы бар. Оның 1313 мүшесінің 18 жасқа дейінгі 834 бала болса, оның ішінде мүгедектігі бар 2 бала, мүгедектігі бар 1 егде кісі, 2 зейнеткер, 64 студент тіркелген. Сондай-ақ еңбекке қабілетті 411 азамат, оның ішінде жұмыссыздар 80, жүгіну мезетінде жұмысы барлар 194, бала күтімінде 137, басқа себеппен 1 азамат бар. Белсенді шараға қатысушылардың 15-і тұрақты жұмысқа орналасқан, 9-ы қайтарымсыз грант алды, 63-і қоғамдық жұмысқа, 2-еуі әлеуметтік жұмыс орнына, 3-еуі жастар тәжірибесіне жіберілген.

***– Атаулы әлеуметтік көмек арқылы тұрғын үй көмегіне қол жеткізген азаматтар бар ма?***

– Биыл тұрғын үй көмегін көрсетуге аудан бюджетінен 3323 мың теңге қаралған. Бүгінгі күнге 18 отбасының 44 мүшесіне 527,1 мың теңге тағайындалып, төленді.

***– Ауданда басқа біз біле бермейтін қандай әлеуметтік көмектер жасалуда?***

– Мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтарға биыл 15733 мың теңге қаралды. Яғни 43 азаматқа қосымша тамақтануға 6439,6 мың теңге әлеуметтік көмек тағайындалып, 42 азаматқа 5685 мың теңге төленді. Сондай-ақ «Отан Даңқ» орденімен наградталған, республикалық құрметті атағына ие болған 2 азаматқа 104,9 мың теңге әлеуметтік көмек тағайындалды. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде 6 ай жұмыс істеген 105 азаматқа облыстық бюджеттен 14300 мың теңге төленді. Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқан 4 азаматқа 566 мың теңге берілді. Кеңес армиясының мүгедектігі бар 4 азаматына 566 мың теңге табысталды. Екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне, яғни 2 азаматшаға 276 мың теңге және ауған соғысына қатысқан 21 азаматқа аудандық бюджеттен 2898 мың теңге төленді.

Мұнан бөлек Семей ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен 15 азаматқа 2122,6 мың теңге жеке шоттарына аударылды. Тәжік-Ауғанстан учаскесінде әскери міндетін орындаған 14 азаматқа 1977,6 мың теңге, таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСРО ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшысы болған және қатардағы құрамының 6 азаматына 797 мың теңге төленді. Өрттің салдарынан зардап шеккен 1 отбасына 517,5 мың теңге тағайындалды.

Тағы айта кететін жайт, облыс әкімінің гранты бойынша 17 студентке 7744 мың теңге оқу ақысына, 4222,8 мың теңге тамақтануы мен жүріп-тұруына, барлығы 11966,8 мың теңге аударылды. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек ретінде 1690 маманға 23322 мың теңге қаржылай көмек берілді.

***– Мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтік қолдауға ерекше көңіл бөлініп жатқаны белгілі. Аудандағы осындай азаматтар бұл қолдаудан құр қалып жатқан жоқ па?***

– Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау шараларының тиімді жүйесін құру мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. ҚР-да мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар бар. Оның мақсаты мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялауға байланысты ҚР қабылдаған міндеттемелерді іске асыру және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі әлеуметтік жаңғыруы шеңберінде барлық осал топтар үшін қолайлы орта құру арқылы инклюзивті қоғам қалыптастыру болып табылады.

Аудан бойынша мүгедектердің орталықтандырылған деректер қорына сәйкес, биыл 962 мүгедектігі бар адам тіркелген, оның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар 222 бала бар. Жалпы бұл жұмыстар мүгедектерді сауықтыру жеке оңалту бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бүгінде барлығы 504 жеке оңалту бағдарламасы даярланып, оның 338-і немесе 67 пайызы орындалды. Нақтырақ айтсақ, биыл 555 мүгедектігі бар адам міндетті гигиеналық құралдармен, яғни 54-і таяқпен, 18-і балдақпен, 2-еуі жетек арбамен, 39-ы кресло арбамен, 111-і санаторлы-курорттық жолдамамен, 77-сі тифлотехникалық құралдармен, 17-сі сурдотехникалық құралдармен, 96-сы протездік ортопедиялық құралдармен қамтамасыз етілді.

***– Мүгедектігі бар азаматтардың ауданда емін-еркін қозғалысына қандай жағдай жасалған?***

– Әрине бөлім тарапынан мемлекет ұсынған барлық көмекті ұсынып жатырмыз. Мәселен, азаматтардың еркін жүріп-тұруына «Инва такси» қызметіне биыл облыстық бюджеттен 6956 мың теңге қаржы қаралған. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде мүгедектігі бар тұлғаларды оңалту шараларын жүзеге асыру бойынша «Инватакси» қызметін ұйымдастыру «Тұран-Шах Қызылорда» мүгедектер қоғамдық бірлестігімен келісім-шарт негізінде 2 автокөлік қызмет көрсетеді. Осы қызмет түрін пайдаланатын мүгедектігі бар 77 адамға 2878 мың теңге қаржы төленген.

***– Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мемлекет тараыпынан басқа қандай көмектер берілуде?***

– Есту кемістігі бар 6 мүгедектігі бар азаматқа 1 ымдау тілі маманы, жүріп-тұруы қиын I топтағы мүгедектігі бар 96 адамға жеке көмекші қызмет көрсетуде. Облыстық мүгедектерді оңалту орталығына баруға өтініш білдіргендерден биыл 53 адам жіберілді. Оның ішінде 18-і – зейнеткер. Қызылорда қаласындағы №2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына 3 мүгедектігі бар жалағаштық орналастырылды. Аудан бойынша тірек қозғалыс аппараты бұзылған және психоневрологиялық патологиясы бар мүмкіндігі шектеулі 12 балаға күндізгі стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу бойынша 54 баланың ата-анасынан құжаттар қабылданып, 2596,4 мың теңге төленді.

Аудан бойынша 80 мүгедектігі бар азаматқа, оның ішінде 18 жасқа дейінгі 55 балаға үйден әлеуметтік қызмет көрсетілуде. Жыл басынан бері 4 тұрғынға «Кәмелетке толмағандарға және әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қатысты» қорғаншылық немесе қамқоршылық тағайындау жөнінде өтініш түсіп, 2 адамға қорғаншылық немесе қамқоршылық тағайындалды.

***– Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру жайы қалай?***

– Аудан әкімдігінің «2023 жылға мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы» 2022 жылдың 15 қарашасында №216 қаулысымен 4 мекемеге 6 жұмыс орындарының саны бекітіліп, биыл 4 мүмкіндігі шектеулі азамат жұмысқа орналасты.

***– Аудан бойынша жаза өтеу орындарынан босатылған және аудандық пробация қызметінде есепте тұрған азаматтармен жұмыс қалай жүруде?***

– Аудан бойынша жаза өтеу орындарынан босатылған және аудандық пробация қызметінде 48 азамат есепте тұр, оның ішінде 43 пробация қызметінде және 5 полиция бөлімінде есепке алынған. Биыл бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар үшін 1 жұмыс орны және аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға 5 жұмыс орнына квота белгіленіп, 6 квота толығымен орындалды.

***– Халықты жұмыспен қамтудың өңірлік картасын іске асыру бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталсаңыз...***

– Биыл жоспарланған халықты жұмыспен қамту динамикасы бойынша 2927 жұмыс орнын ашу жоспарланған. Нәтижесінде биыл 2161 жұмыс орны ашылды. Жоспар 73,8 пайызы орындалды. Ұлттық жобалар аясында 46 адам жұмыспен қамтылып, оның 28 жұмыскеріне міндетті зейнетақы жарналары төленді.

***– Әрине жаңа жұмыс орындарын ашудың бірден-бір тиімді жолы, ол – кәсіпкерлік субъектілерін көбейту. Бұл жөнінде не айтасыз?***

– Биыл жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа 198,7 млн теңге қаралды, яғни кәсіп ашуға ниетті 144 адамды қолдау жоспарланды. Жыл басынан бері 2 рет комиссия отырысы өтіп, 72 адам комиссияның оң шешімін алды. Жаңа бизнес идеяларға іске асыруға арналған грант жеңімпаздарына 99,4 млн теңге қаржы төленді.

***– Жастарды жұмыспен қамтуда бөлім тарапынан қандай іс-шаралар атқарылуда?***

– Биыл жастар тәжірибесіне қаралған қаржы – 411,1 млн теңге, жоспар бойынша 250 жас аудан азаматын қамтуымыз керек. 2023 жылғы 1 қазанға 353 адам жастар тәжірибесінің қатысушысы болып тіркелген. Былтырдан жалғастырушы 169 адам бар, оның ішінде 89 жас тәжірибені аяқтап, 16 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Ал биыл 210 жас түлек жастар тәжірибесіне жолданды. Сондай-ақ 15 азамат алғашқы жұмыс орнына жолданды.

***– Жұмыспен қамту аясында ауданда атқарылып жатқан басқа қандай жаңалықтар бар?***

– Мәселен, биыл аудан бойынша ақылы қоғамдық жұмыс орындарына 937 адам жолданды. Бүгінде қоғамдық жұмысты 209 адам аяқтап, 73 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

Жалпы мемлекеттік қолдау шараларынсыз жоспар бойынша 999 адам жұмыспен қамтылу қажет болса, 2023 жылы қазанға дейін 446 адам жұмысқа тұрды. Ұрпақтар келісім шарты аясында 6 азамат, күміс жас жобасына 23 аудан тұрғыны жолданды. Сонымен қатар жұмыс берушілердің өтінімі негізінде қысқамерзімді курстарға оқытуға 10 аудан азаматы жіберілді. Оқу биыл қазан айында басталды.

***– Сұхбатыңызға рахмет!***

**Сұхбаттасқан Жандос Жазкен**

Қабылдау

# Сала қызметкерлері құрмет төрінде

**Кез келген мемлекеттің дамуы халқының өмір сүру деңгейіне байланысты сараланады. Бұл орайда елімізде әлеуметтік міндетін айқындаған жұмыстар жүргізіліп келеді. Әлеуметтік қызметкер – алғыс арқалайтын арда мамандық. Жыл сайын қазан айының соңғы жексенбісі әлеуметтік қызметкерлер күні деп жарияланған. Маман иелерін мереке қарсаңында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қабылдап, құрмет көрсетті.**



Әлеуметтік сала – аса маңызға ие сала. Тіпті жұмыстың көбісі әлеуметтік қызметтің айналасында болып жатқаны даусыз. Мәселен, педагогика, медицина, құқық қорғау бөлімдері және тағы басқа көптеген мамандықпен тікелей байланысты. Бұлардың бірінің астарында қоғам өмірінде болып жатқан мәселелерге атүсті қарамай, мемлекетіміздің әрбір көмекке зәру жандарына қол ұшын созу жатыр. Кешегі қабылдауда осындай көзге көріне бермес қиындығы көп жұмысты еңсеріп жүрген аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлеріне, іскер азаматтарға аудан әкімінің алғыс хаты табысталып, сала мамандары мен ардагерлері құрметке ие болды.

– Қай саланың да ауданда алар орны бөлек, бірақ соның ішіндегі әлеуметтік салаға арнап бөлінген қаражат та, олардың атқаратын қызметі де зор. Қаншама адамға жақсылығы тиіп, түрлі мүмкіндік сыйлап жүрген үлкен сала. Сонымен қатар қаншама мүгедек жандарға қол ұшын созып жүрген қызметкерлері де – қоғамда ойып тұрып орын алатын маман иелері. Сырт көзге қарағанда оңай қызмет болуы әсте мүмкін, бірақ қоғамда өте қиын салалардың бірі. Бүгінгі күн – ертеңгі тарих, бұрындары әлеуметтік салада шағым көп, қоғамдағы наразылық пен шаралар көп болды. Қазір өздеріңізге белгілі әлеуметтік саланың қаражаты да, дәрежесі де көтерілді. Жалпы халықпен тікелей жұмыс жасайтын болғандықтан, бұл қызмет иесіне белгілі дәрежеде байсалдылық, сабырлылық керек. Бүгінгі мереке иелерінің бойына сондай мінездері дарыған қызметкерлер деп білемін, қызметтік жолдарыңызға сәттілік тілеймін, – дейді Ғани Кенжеғараұлы.

Иә расында Абай атамыз «ортаға біліміңмен емес, мінезіңмен сыясың» деді емес пе? Әсіресе әлеуметтік салада жұмыс жасайтын қызметкерлерінде сондай жұмсақ мінез де болуы қажет. Мамандар әр адамның мұңын тыңдап, оны барынша шешіп беруге тырысады. Осы арқылы өзінің жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз қамқорлығымен қарт адамдарға қызмет етіп, мүгедектерге, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға баға жетпес көмек беріп, барлық адамға деген шынайы құрметін көрсете алады. Ал біздің қоғамның тұрақтылығы мен әл-ауқаты көбінесе халықтың әлеуметтік қорғау деңгейіне, әлеуметтік кепілдіктеріне байланысты.

– Саланың дамуында әр қызметкердің орны ерекше. Кей кездері жұмысымыз бітпей, көз ілместен таңды атыратын кездер де болды. Мәселен, әлеуметтік осал топтағы жұмыспен қамту, жастар практикасы, қоғамдық жұмыс секілді қызмет түрлерінің қаржыларын күндізгі уақытта шешіп үлгермей, түнімен жұмыс жасайтынбыз. Сол кездері сылтау айтпай, бір қабағын шытпай, бәрі бір кісідей ат салысып, жұмыс жасап жүрген мамандарымыздың арқасында үлкен жетістікке жетіп жатырмыз. Барлық сала қызметкерлеріне алғыс айтамын, қызметтеріңізге сәттілік тілеймін, – деді аудандық Отбасын қолдау орталығының маманы Қуанышкүл Жүнісқызы.

Әлеуметтік қызмет – өз жұмысына шын ықыласпен кірісетін, еңбек жолы ерекше қызметкерлер жиылған сала. Оларда өзгенің мәселесі деген түсінік жоқ, қиналған адам көрсе, қолұшын созып, көп саралап жатпай қолынан келген көмегін көрсетеді. Әлеуметтік қызметкерлердің осы салада тұрақтап қалуы да осы қасиеттерінде. Қызмет алушының бабын табу мақсатында қалтқысыз қызмет ету дене күшімен бірге психологиялық табандылықты да қажет етеді. Бұл жерде адамның діні, нәсілі, ұлты, жасы, білім деңгейі немесе қоғамдағы мәртебесі маңызды емес. Тек қана кеңжүректі, адами бейнесі айқын, өзінен өзгелерге болсын дейтін адамның ғана қолынан келері анық.

**Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ**



Еңбек адамы



ОСЫДАН 46 ЖЫЛ БҰРЫН АУДАН ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТКЕ 840 МЫҢ ЦЕНТНЕР КҮРІШ ТАПСЫРЫЛЫП, АУДАН ОДАҚТЫҢ ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕҢІП АЛДЫ. СОНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА БОЛҒАН МЕРЕКЕДЕ ОН ОЗАТ ЕҢБЕККЕРГЕ КҮРІШТЕН АЛҚА ТАҒЫЛДЫ. СОНЫҢ БЕЛ ОРТАСЫНДА КҮЛӘНДА ЫБЫРАЕВА ТҰРҒАН БОЛАТЫН.

# Күріштен алқа таққан Күләнда

I

Жиырма жылдан астам Мәдениет және Қазақстанның Ленин комсомолы атындағы совхоздардың директоры болған Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспанов 1974 жылы Қайнар баспасынан шыққан «Сыр күріші – ел ырысы» атты кітабында былай деп жазыпты:

Совхозда қыз-келіншектер ерлеріне еңбек ете білді. Олар: Ұлмекен Төлегенова, Күләнда Ыбыраева, Шырынкүл Әбетова, Күлжамила Үдербаева, Рысай Балмағанбетова, Фатыма Мырзабекова, Айнаш Балғабаева және басқалар. Бұлар кезінде Сыр маржанының әр дәнін алақанына аялап өсіретін кәнігі диқан атанған еді.

II

Біз көбінесе басшылық қызметте болған есімі елге белгілі тұлғалар жайлы жазатынымыз жасырын емес. Өткенді еске ала отырып, өзінің шамашарқынша еліне, Отанына адал еңбек етіп, өз ортасының құрметіне бөленіп, абыройға ие болған абзал жандарды жазуды біраздан бері ойланып жүрген едім, соның сәті енді түскендей.

Бұл – ақталу емес, ақиқатты айту. Күләнда өмірінде 1973 жылдың алатын орны ерекше. Себебі ол сол жазда ерекше еңбек етті. Ардақты диқан босқа маңдай тер төкпепті. Ол өзіне бекітілген күріштің әр гектарынан 1971 жылдың күзінде 90,2 центнерден өнім алса, 1972 жылы 71,3 центнерден, ал 1973 жылы 90,4 центнерден Сыр маржанын жинап, еңбектің озық үлгісін көрсетті. Соның арқасында кеудесіне «Құрмет белгісі» және «Еңбек Қызыл Ту» орденін таққан қадірлі диқандарымыздың бірі болды. Ауылдас сіңлілері мен құрбыларының үлгі тұтар ұстазына айналды. Аудандық Советке үш мәрте сайланған депутат болды.

Сол жылдары совхоз партия комитетінің хатшысы Өтеп Сәрсенбаевтың: – Қыздар мен әйелдерді партия қатарына тарту да назарымыздан тыс қалған жоқ. Мәселен, Күләнда Ыбыраева, Шынаркүл Әбетова, Айнаш Балғабаева, Күнжамал Үдербаева, Рсай Баймаханова, Фатыма Мырзабековалар соңғы үш-төрт жыл ішінде коммунистер санына қосылған қызкеліншектеріміз. Бұлар – Сыр маржанының әр дәнін алақандарында аялап өсіретін кәнігі диқандар, – деп айтқан сөзі әліге дейін менің есімде.

III

Ол не көрмеді дейсіз, бәрін де көрді. Отыз бес жасында күйеуі қайтыс болып, жеті баламен жесір қалды. Тағдыр оны ауыр еңбекке ерте араластырды. Барлық қасіретке қарсы тұра білді. Барлық қиындықты қажырлықпен, табандылықпен күресудің, ерен еңбектің арқасында жеңе білді. Өз бақытын адал еңбектен тапты.

Оның әріптестерінен өзгешелігі, қойын қалтасында көк дәптер болатын. Онда ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаевтың күріштен мол өнім алу жөніндегі 25 пункттен тұратын ережесі жазылған, мен соның куәгерімін. Арада біраз жыл өтсе де сол ережені еске алып оқып көрсек, онда былай деп жазылыпты.

Күріш өнімінің тағдырын су шешетінін мен жоғарыда айттым. Олай болса су жолдарын әрі берік, әрі тұрақты етіп салу керек. Сонымен қатар колхозшылардың ұсынысы мен пікірін жете зерттеп, оны мүлтіксіз жүзеге асыруға басшылық еткен жөн. Бұның бәрі диқанның еңбекке, мол өнімге деген жігерін қайрай түседі.

Жер бетінде тіршілік еткен адамзаттың басым көпшілігіне әрі қорек, әрі тірек болған күріштің осы секілді сыры бар. Кей халық табынып, қайсыбірі бағынып, бағзы бірі шабынып өсірген күріштің Сыр бойына келуі, елге нан, жерге сән әкеледі. Күріш өсірген небір еңіреген ерлермен замандас болуым, күріш өсірген қасиетті жерде тууым, мен үшін шексіз бақыт, шексіз қуаныш. Мен сондықтан туған жерді өмір бақи жырлап өткім келеді.

IV

Бұл дүниеде ең қиын нәрсе – өзіңді өзің түсіну, ең оңай нәрсе – біреуге ақыл айту. Сондықтан мен жалаң ақыл айтып, диқаншылықтың ауыр жолын жеңілдеткім келмейді. Астық өндірудің қымбат мерейін тым арзандатудан да аулақпын. Алайда диқаншылықтың қиын да болса құрметті жолына түскен адамдарға айта кетерлік аталық өсиетім бар. Олар мыналар:

Бірінші. «Тұқымын алып жерге бар» деген. Әрбір дақыл тұқымнан өседі. Жақсы тұқым – ырыстың жоралғысы.

Екінші. Дән бала сияқты. Ол да мәпелеуді сүйеді, ол да аялағанды сүйеді.

Үшінші. Бәрінің анасы жер. Жерді де таңдай біл. «Егінші – мәрт, жер – жомарт» деген емес пе?

Төртінші. Жер-Ананы жақсы күт. Ана қарызы жадыңнан шықпасын.

Бесінші. Күріш өнімі біркелкі тегіс жерге ғана шығады. Өйткені күріш – суда өсетін дақыл. Ал су тегіс жерге ғана жайылады.

Алтыншы. Адам сияқты егін де таза суды тілейді. Ескірген судан егін де ауырады. Оған үнемі таза су бер.

Жетінші. Жас күріштің сабағы ешкінің түбітіндей нәзік келеді. Оны тек тамырымен суырып аласың. Жер дымқыл болса, тамыр тереңге кетеді, күріш өмірлі болады.

Сегізінші. Күріштің сабағы тебінделгеннен бір ай кейін ғана тік тұра алады. Дән шығатын құлағы сонда ғана ашылады. Сол құлаққа су кетсе, күріш саңырау болады, дән байламайды.

Тоғызыншы. Күріштің ата жауы – арамшөп. Қаулаған арамшөптен күрішті арашалай білсең, күріш байлыққа белшеңнен батырады.

Оныншы. Агротехникаға сүйен. Күріш тек соған ғана мойын ұсынады. Соған ғана қойнын ашады.

Он бірінші. Егінді өсіре білу алғашқы асу ғана, ысырапсыз жинап алу – мәре. Бұл сыннан да мүдірмей өт. Сонда ғана ерлегенің.

Он екінші. Тез жинаудың төте жолы – техника. Әрбір күрішші техника құлағында ойнаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Он үшінші. Күріш өсіруге әдіс керек. Оған ізденсең ғана жетесің. Ізденуден жалықпа.

Он төртінші. Бұл заманда диқан болудан артық бақыт жоқ, осы бақытты қадірле, егінші даңқын арда тұт.

Он бесінші. «Көп түкірсе көл болады» деген сөз бар. Көпшіл бол. Қиындық кездессе жұмыла көтер.

Он алтыншы. Үлгі бол, беделді бол. Беделдің келуі қиын, кетуі оңай, соны ұмытпа.

Он жетінші. «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» деген. Егер сен жалғыз болсаң, асқар тауға шыққаныңнан не пайда. Шәкірті жоқ ұстаз – бұтақсыз бәйтерек. Шәкіртің көп болсын.

Он сегізінші. Жалынды бол. Жалыныңнан басқа адамдар жылу тапсын.

Он тоғызыншы. Өзіңе-өзің сенімді бол. Диқанның сенімнен айырылғаны – өнімнен айырылғаны.

Жиырмасыншы. Диқан болсаң жақсы бол. Жақсы болсаң шапағатың көбейеді. Аталы сөз, адал іс тек сонда ғана шығады.

Жиырма бірінші. Ақылды еңбегіне сенеді, ақылсыз үмітіне сенеді. Тек еңбегіңе жалын. Орайы келсе, орақ ор, кезі келсе, кетпен шап.

Жиырма екінші. Өмірлік жолыңа ар-ұятың серік болсын. Ұятты ешкім өлшеп бермейді. Ұят – адамға біткен асыл қасиет. Оған дақ түсірме, кір шалдырма. Тек сонда ғана білікті диқан боласың, дәннен тау тұрғызасың, өнімді дария ғып ағызасың.

Жиырма үшінші. Өзін бір ойлап, өзгені екі ойлаған ер – нағыз ер. Кеудеде жан барда адам атына дақ түсірме. Аштан өлсең өл, тек азғындап өлме. Арсыз өмірден адал ажал артық.

Жиырма төртінші. Ыждағаттылықпен еңбек етпей, мол өнім алу мүмкін емес. Ыждағаттылыққа қоса әдіс керек. Күріш өсірудің қиын да, қызықты жолдарын зерттемей, үздіксіз үйренбей тұрып ешкім де күрішші бола алмайды.

Жиырма бесінші. Диқаншылықтың ауыр да болса абыройлы жолына бір жола түскен адамдар, еш нәрседен тайсалма, болмашыға мүдірме. Қиындықты сонда ғана жеңесің.

Мол өнімнің сыры жайлы бұдан да басқа әрқилы қағидалар айтуға болады. Бірақ солардың бәрін қорытындылай келіп, былай дер едім: еңбек, еңбек және еңбек.

Аз ба, көп пе, содан бері 46 жыл өтіпті. Мен осы жайлардың куәгерімін. Күләнда Сыр елінің ырысы, берекесі абыройы болған күріш өсіруде еңбегі жанған жанның бірі болды.

**Совхоздың алдыңғы қатарлы звено жетекшілерінің 1971-1973 жылдардағы көрсеткіштері**

| Звено жетекшілерінің фамилиясы, аты | 1973 жыл | | 1972 жыл | | 1973 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Орта өнім, центнер | жалпы түсім, центнер | Орта өнім, центнер | жалпы түсім, центнер | Орта өнім, центнер | жалпы түсім, центнер |
| Төлегенова Ұлмекен | 90,2 | 2075 | 71,3 | 2139 | 103,4 | 3106 |
| Ибраева Күләнда | 57,6 | 1959 | 69,6 | 2070 | 101,2 | 2530 |
| Торғаева Зағи | 60,0 | 1800 | 70,0 | 1944 | 83,3 | 2084 |

Ол еңбегі ескеріліп, 1973 жылы «Еңбек Қызыл Ту» ордені, 1974 жылы «За достижение успехи в развитии народного хозяйства» қола медалі, 1977 жылы «Ударник коммунистического труда», 1983 жылы «Ударник одинадцатый пятилетки» медалімен, 19833 жылы «За достижение успехи в развитии народного хозяйства» күміс медалімен, «Материнская слава» I, II, III дәрежелі орденімен, 2010 жылы «Күміс алқа» орденімен, 2010 жылы «1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысының жеңісіне – 65 жыл» медалімен марапатталды. 1980 жылы аудандық XXVIII партия конференциясына аудандық комитетінің мүшелігіне кандидат болып қатысты. 1994 жылы зейнеткерлікке шықты. Ибраева Күләнда 2018 жылы 13 тамыз күні 85 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

V

Атам қазақта «Егінші жауында тынады, балықшы дауылда тынады, малшы өлгенде тынады» деген аталы сөз бар. Әр науқанды өз алдына бір еңбек науқаны деуге болады. Сол еңбек майданында үзіліссіз 25 жыл еңбек етіп, 1994 жылы зейнеткерлікке шығады.

Ұлы Абайдың:

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін»

дегеніндей, менің бұл есімі ел есіндегі кейіпкерім жайлы жазып отырған жазбам газеттің қалың оқырман қауымының ойын оятатындай мақала болады ғой деген ойдамын.

2023 жыл. Мәдениет ауылы. Бұл ауылда Күләнданың жастық шағының, еңбекке араласқандағы қуанышқа бөленген қадамдарының ұмытылмас іздері жатыр. Біз көшемен келе жатырмыз. Жай емес, көшелерден өміріміздің жүрек лүпілін тыңдап, дәстүрі мен даңқы, салты мен санасын көріп, өнегесі мен үнін ұғып, оқып келе жатырмыз.

Үнемі солай бола бермек. Өйткені бұл да – бір жалғаса берер өмірдің өнегелі сабағы, ашулы кітабы. Көше – өмір ағысы. Көше бізге әртүрлі информациялық хабарлардың тасқыны болып та көрінеді. Көшені тереңірек тануға, білуге тырысатын, олай болмағанның өзінде өмір бойы жүрегінде көше аттары жазылып қалатын мамандық иелері бары да мәлім. Ол – әуелі пошташы, таксист, онан соң журналист.

Шындығында нағыз пошташы көше, үйлерді, онда тұратын адамдарды жақсы біледі, таниды, тіпті жанашыры, досы болып та алады. Таксист қай көшенің қай тұста екенін топографиялық тұрғыда біледі. Ал журналист болса, өзінің көп жылдар бойы жанынан тастамайтын жапырақтай қойындәптеріндегі қаптаған көше, адам аттарына қарап, оқиғаларды, күндерді, жылдарды, адамдарды, тағдырларды еске түсіреді. Біздің әңгімеміз де ескі қойындәптерлерді оқи отырып, осындай бір еске түсуден басталған еді.

Көшеден тарихты, оқиғаларды, тағдырларды, достық пен махаббатты, ерлік пен елдікті, моральды, салт пен сананы кезіктіреміз. Ғажайып қарапайымдылығымен, белгісіз сырымен, ыстық естелігімен, қуанышымен жүректерде сақталып қалған көшелер барын ести, көре, оқи, тыңдай жүре анық осыған көз жеткізген сәтте мен терезені кенеттен ашып жіберіп, жарқыраған әлемге жадыраған жүрекпен жақыннан қарағандай әсер құшағында қаламын десем болады. Осыдан кейін-ақ әрбір қалаға, ауылға келген бетте бірінші кездескен жанға қоятын, артында шын білгім келген іңкәрлік, қызығушылық жататын бір жаттанды сауалым бар: Бұл қандай көше?

Бұл Күланда Ыбыраева атындағы көше десек, артық болмас еді. Бұл бір орайы келгенде айтылған ұсыныс бола қойсын. Шешілуін уақыт еншісіне қалдырайық.

Мақаламды дала академигі атанған ақ күріштің атасы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алған Ыбырай Жақаевтың: «Адам өмірінен бәрі де өтеді: қуаныш та, қайғы да, бәрі де кетеді. Оның есінен мәңгілік кетпейтін, оның өміріне мәңгілік серік болатын бірақ нәрсе бар, ол – туған жерге деген махаббат, туған топырағына деген сағыныш. Туған жерге еткен адал еңбегің еш уақытта ұмытылмайды» деген аталы сөзімен аяқтауды жөн санадым. Себебі кейіпкеріміз осы қағидаларды қатаң сақтап, туған жердің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты.

**Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

Ә.Бердәулетов – 125 жыл

# Өмір жолы өнеге

**Сыр өңірі – талай өнер саңлақтары мен тұлғалар туған өлке. Жалағаш ауданы да орақ тілді тура билерден, ақын-жазушылардан, елі үшін кеудесін оққа тосқан ерлерден және негізсіз айыптаулардың, заңсыздықтың құрбаны болған, «халық жауы» атанған қайраткерлерден кенде емес. Ауданнан шыққан азаматтардың атқарған ісі, сол аудан тарихының беттерінде.**




Ұлағатты ұстаз Әбдірашид Бердәулетов атамыздың аз ғана ғұмырының саналы шақтарында ауылда тұңғыш мектеп ашып, елді жаңа заман талабына сай тәрбиелеуге қосқан үлесі ұшантеңіз. Ол еліне адал қызмет етіп, халқының жүрегінде сақталды. Алаш ағартушысы, қоғам қайраткері Әбдірашид Бердәулетовтің өнегелі өмірі болашақ ұрпаққа баға жетпес тарихи құндылық болды.

Ұлттық тәрбие халқымыздың өмірін, рухын, тұлғаларын және тілінен тұратын ішкі заңдарын, оның ұлтшылдық мінезін, болмысын көрсетпек. Сондықтан ұлттың жігерін оятудың негізгі тетіктерін анықтап, біліп алған дұрыс. Біз қоғам қайраткері, қазақ тілінің емле ережелерін зерттеуші, төте жазу мектебін ашқан ұстаз, редактор, журналист Әбдірашид Бердәулетовтың өмірі, қайраткерлік қызметі туралы тарихи деректер арқылы отаншылдық рухын оятуымыз керек.

Ұрпақтары ұлықтаған ұлы тұлға Әбдірашид Бердаулетовтің есімі қоғамда тұлғатану, білім беру саласындағы педагогикалық ізденістерді, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу, халықтық білім беру жүйесін демократияландыру мәселелерімен өзекті. Әбдірашид атамыздың өмірі, ел үшін атқарған жұмысын мұқият зерделеуге және тәжірибеде қазіргі таңда тұлғатануда білім беру жүйесінде қолдануға болады.

Еліміз егемендік алғаннан кейін заманында бүкіл қазақ жұртының мақтанышы болғаны үшін жазықсыз атылып кеткендер толық ақталып, олардың есімі ұлықталып, еңбектері кең көлемде насихатталғандардың қатарында қиянат пен зорлық-зомбылықтың құрбаны болған Әбдірашид Бердәулетов есімінің ақталуы да үлкен жетістік болды.

Ол 1897 жылы Сырдария бойындағы «Арықпан» қыстауындағы болашақ Амангелді ауылдық советінің Елтай атындағы колхоз ұйымдасқан жерде кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Жасынан тұрмыс ауыртпалығын көрген әкесі баласы Бердаулетті сауаттандыру мақсатында «Қауымбай молда» мектебіне қоныс аударып, кейін теміржол бойына № 5 разьезд маңына ата қонысына келіп өмір сүрген.

Ең алғаш елде Кеңес үкіметі орнаған жылдары «Қайыршықтағы» және «Иіркөл» маңындағы отырықшы елде жалшы жастар үйірмелерін ұйымдастырып, саяси сауат ашу жұмыстарымен айналысады. Кейін Байұзақ болысындағы партия ұяларын ашу және нығайту жұмыстарына қатынасады. Әбдірашид ата 1925 жылдары Ақсу елді мекенінен ең алғаш төте оқу мектебін ашады. Мұнда ұзақ жылдар педагогикалық жұмыста жүріп, алғашқылардың бірі болып партия қатарына өтеді. 1925-1929 жылдары Тереңөзек ауданында мұғалім болып бала оқытады. 1929-1930 жылдары Тереңөзек аудандық ағарту бөлімінің басшысы қызметін атқарады. Сол жылдары оқу-ағарту мекемелерін басқарады, аудандық атқару комитетінде басшылық қызметтерде жүріп, мектеп оқулықтарын жасау, қазақ тілінің емлесін жазудағы педагогтар тобында М.Алшынбаевпен бірге жұмыс жасайды.

1930-1931 жылдары партия қызметіне жоғарылап, Қармақшы аудандық партия комитетінде хатшылық жұмыс атқарды. 1931-1934 жылдары республикалық Жоғарғы партия мектебінде оқиды. 1934 жылы аталған оқу орнын бітірген соң Қазақ өлкелік комитеті оны Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің қарамағына жібереді. Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті бюросының 1934 жылғы 21 қазан күнгі шешімімен Ә.Бердәулетов Түркістан аудандық «Қызыл Түркістан» газетінің бас редакторы болып тағайындалады. Кеңес одағы Телеграф агенттігінің тілшісі болды.

Кейін ол партия ұйымын басқарды. 1936 жылы Ұлы ғұлама Қожа-Ахмет Яссауи өмірінен «Әзірет Сұлтан» драмалық шығармасын жазып, оқырман қауымға тарту еткен драматург ретінде жұртқа танылды. Бірнеше рет аудандық партия коммитеттерінің құрамына және бюро мүшелігіне, Оңтүстік Қазақстан облыстық партия конференциясына делегат болып сайланды. 1937 жылы «Қазақстанның XV жылдығы» төсбелгісімен марапатталады.

Әбдірашид Бердәулетов жалған айып бойынша 1937 жылдың қараша айында репрессия құрбаны болып, тұтқын лагерінде дүние салды. 1937 жылдың маусым айында тұтқынға алынып, бір жылдан кейін еңбекпен түзету лагерінде қайтыс болады.

Саяси қуғын-сүргін жылдары мыңдаған жазықсыз адамның қаны мен жасына суарылған тарихтың шерлі беттерінің бірі болып қала бермек. Кеңестік әкімшілік жазалаушы жүйе еңбектеген сәбиді, еңкейген кәріні, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ. Біздің ендігі борышымыз – осы қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбандары болған азаматтардың есімдерін ұмытпау, ұлықтау, оларды мәңгі есте сақтау.

1991 жылы XXI сайланған халық депутаттары аудандық советінің (YII сессия), Халық депутаттары аудандық Кеңесі қаулысымен ауыл тұрғындары мен аудандық ономостикалық комиссияның ұсынысына сәйкес М.Шәменов ауылындағы №34 орта мектепке Әбдірашид Бердәулетовтің есімі берілді. 2020 жылы 31 тамызда жаңа білім ошағына еңбегі ерен, тарихы терең кемеңгер журналист, оқу-ағарту саласына қосқан зор үлесі үшін Әбдірашид Бердәулетов атамыздың ұрпақтары атамызға арналған мұражайды ашып, жабдықтап, құнды, тарихы мол мұраларды, мектеп оқушыларына құнды жәдігерлермен толықтырып берді. Ұрпақтары ұлықтаған ұлы тұлғаның өнегелі ғұмырнамалық дара жолы болашақ ұрпаққа баға жетпес тарихи құндылық болды.

**Сабира МУСАЕВА,**
**Әбдірашид Бердәулетов атындағы №34 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

# Тазалықты сақтауды сенбілікке артпа

**Өткен аптаның соңында Жалағаш кенті және ауылдық округтерде жаппай сенбілік шаралары ұйымдастырылды. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов сенбілік жұмыстарымен танысып, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді.**



Апта сайын жаппай сенбілік ұйымдастыру аудандағы тазалықты сақтап қана қоймайды, адам денсаулығына, таза ауа жұтуға да өз септігін тигізеді. Жастардың да қалауы таза Жалағаш болғандықтан, сенбілікке шығатын ерікті жастар да жетерлік. Тазалық жұмыстарына аудан бойынша меншік нысанына, орталықтағы болып жатқан жәрмеңкеге қарамастан 153 мекемеден 2100-ге жуық адам қатысып, 33 техника жұмылдырылды.

– Сенбілік – бұл ұжымдық рухты, бірегейлікті, ауызбіршілікті көрсететін керемет шара. Ауданда әр аптада жаппай тазалық жұмыстары жүргізіліп тұрады. Әр тұрғын бір адамдай атсалысуда. Осының арқасында болар, ауданымыздың әр көшесі едәуір таза. Бүгін сенбілікке шығып, талдарды әктеп, айналаны сыпырып, қоқыстарды жинап жатырмыз. Әр адам сенбілікке кішкене де болса атсалысып, үлесін қосса, тазалыққа деген жауапкершілігі де арта түседі. Жанға рахат, көңілге шаттық сыйлайтын тазалық шараларына алдағы уақытта да аудан тұрғындары белсене қатысса, нұр үстіне нұр болар еді, – деді әр сенбілікте белсенділік танытатын Болат Аққасынов.

Рас, тазалық әр адамның өзінен басталуы тиіс. Өз ауласын тазартып, абаттандыруға көңіл бөлсе, ауаны да тазартып, ауданды да көркейтуде үлес қосар еді. «Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанына серік еткен кент тұрғындары сенбілікте жабайы шөптерді шауып, қураған талдарды кесіп, аяқ су жүретін арықтарды тазартты. Сонымен қатар аудан бойынша мекемелер мен аллеялардың сыртқы қоршауларын, орындықтарын сырлау, талдарды әктеу, парктер мен аллеяларды тазалау жұмыстары жүргізілді. Жалпы 18 тоннаға жуық күл-қоқыс жиналып, белгіленген орындарға шығарылды.



Жиналған қоқыстарды шығаруға Жалағаш кенті және ауылдық округтер бойынша шаруа қожалықтардың техникалары жұмылдырылды. Айта кету керек, аймақта мұндай тазалық жұмыстары көп жылдар бойы тұрақты түрде жүргізіледі.

– Қазір тазалықты сақтауда бәріміз бір кісідей араласып жатқанымыз рас. Бірақ өкініштісі, сол еңбекпен жиналған көшелерден бос, иесіз жүрген жануарларды көреміз. Оларды жайылымға қараусыз жібереді. Иә, төрт түлікті асырау қанымызға сіңген шаруашылықтың түрі екені белгілі. Алайда иесіне тапсырып, жайылымдарға тура баруын қадағалау қажет. Себебі жануарларды бос жіберу кент тазалығына немқұрайлық таныту болып табылады. Жануарлар қараусыз жүргеннен кейін аллеяларда, парктерде, тіпті орталық алаңға да кіріп, тазаланған орындарды бүлдіріп кетеді. Халық болып тазартқан ауламыз қайта бүлініп, шашылып қалмаса екен деймін. Әр адам тазалықты сақтауды, аудан жағдайын жақсартуды өз міндеті, парызы етіп алу қажет. Сонда ғана мұндай жағдайларға жол бермес, – дейді аудан тұрғыны Мәншүк Нұрмаханова.

Расында «адамның жануардан басты айырмашылығы санасында» дейді ғой, қараусыз жүрген жануарлар оны түсінбесе де, иелері түсінуі қажет. Мәселен, сиыр, ешкілердің көзіміз көріп жүрген қоқыс салатын жәшіктерді төңкеруі, шөптерді шашып, өсіп тұрған ағаштарды бүлдіруі, жалпы көше бойын ластауы сынды жағдайлар бірінші рет емес, соның салдарынан біріншіден, табиғат ластанады, екіншіден, кенттің таза тұруына кедергі келтіреді.

Бауыржан атамыз «тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген ел құл болмайды» дейді. Әр адам осы тәртіпті өзінен, отбасынан бастаса, бәрі ойдағыдай болады, бұл ауданның да көркеюіне қосқан үлесі болар. Туған жеріміздің тазалығына, келбетінің көркеюіне атсалысу – әрбір тұрғынның міндеті. Тазалық ұғымы қоқыстарды жинаған жерде емес, шашпаған жерде қалыптасады. Сондықтан керексіз затты жерге тастар алдында ойланайық!

**Ақнұр АЛТЫНБЕК**

**Сайыс**

# Спортшылар сынға түсті

**Спорт – ел мерейін асырып, абыройын тасытатын сала. Ауданда салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық шаралар ұйымдастыру бір жолға қойылған. Оны жанына серік етіп, аудан намысын түрлі деңгейдегі жарыстарда қорғап, үлкен жетістікке жетіп жүрген саңлақтарымыз да жоқ емес. Аудан орталығында басталған «Алтын дән – 2023» салтанатты шарасы жәрмеңкеден соң спорттық сайысқа ұласты.**



Шарада аудан әкімі Ардақ Ибраимов ауданның намысын жоғары деңгейде қорғап жүрген спортшыларға әркез қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

«Шынықсаң, шымыр боласың» демекші, спорт адам баласына қашан да пайдалы. Күні бойы өзіңді сергек сезініп жүрудің де бір тәсілі – спорт.

Аудан спортшылары «Алтын күз» мерекесінде қазақ күресі, гір тасын көтеру, арқан тарту сайыстары бойынша бақ сынасты. Аталған үш спорт түрінен өткен тартысты додаға кент пен ауылдардан 100-ге жуық спортшы қатысты.

Күрес – тарихы терең спорт түрінің бірі. Қазақтың ешбір тойы мен мерейлі мерекесі ұлттық ойындарсыз өтпеген. «Алтын күз» мерекесінде де аудан спортшылары аталған спорт түрінен мықтылығын дәлелдеп бақты.

Жас та болса дзюдо мен қазақ күресінен биік белестерді бағындырып, үлкен додаларда аттары аталып, бүгінде жаттықтырушы болып қаншама шәкірттің білікті бапкері атанып жүрген ақсулық Ұласхан Алпысбай мен Шыңғысхан Әбілхасенұлы тартысқа толы ойынның үздік үштігін түйіндеп, сайысты қорытындыласа, қарсыластарын шақ келтірмей, жауырыны жерге тимеген палуан Ақылбек Серік өз шеберлігімен бозкілемнің шаңын шығарып, жүлделі I орынды иеленді.

Қайсарлығы қанында, тектілігі тамырында тулаған жастардың сайыс барысында бір-бірінен айласын асырып, тактикаларын шебер қолдануын көргенде бойларында намысты қолдан бермейтін қасиеттерін аңғардық. Мұнан кейін спорттық сайыс гір спортымен жалғасты.

Гір тасын көteруден спортшылар 70 және 70 келіден жоғары салмақтар бойынша сынға түсті. Өздеріңіз білетіндей, бұл спорт түрінен жалағаштық жастар биік белестерді бағындырып, ел мерейін үстем етуде. Бұл спорт сайысында 70 кг салмақ дәрежесіндегі гір тасын көтеруде Нұрислам Орынбасар I орынды, Ислам Мажиев II оырнды иеленсе, Әзиз Ербол III орынға тұрақтаған болатын. Ал 70 келіден жоғары салмақта Нұрлан Сенбеков I орын иеленсе, Қайсар Төлеген II орын, Абдулхасан Сейтенов III орынмен сайысты қорытындылаған болатын.



Бұл спортты жанына серік еткен спортшыларымыз өздеріңіз білетіндей жуырда Өзбекстан мемлекетінің Хиуа қаласында өткен Әлем чемпионатында ел намысын қорғап, Әлем чемпионы атанған болатын. Бағы мен бабы келіскен Қайсар Төлеген бүгінге дейін өзіне артылған сенім мен үмітті ақтап, былтыр Үндістанда өткен Әлем чемпионатында қола медаль қанжығалап, екі мәрте Азияның чемпионы болған Қайсар биыл Хиуа қаласында өткен Әлем чемпионатында ел мерейін үстем етіп I орынды иеленді.

– Жалпы гір спортымен 7 сыныптан бері айналысып келемін. Менің сол уақыттан бері бапкерім Абдулхасан Жанатұлы жаттықтырады. Білікті бапкерімнің берген тәлімінің арқасында бойдағы күшті қабілетпен байланыстырып, бұған дейін де талай додаларда жеңіс тұғырынан көріндім. Салада жеткен барлық жетістігім сол жаттығу залында өткен күндердің жемісі деп білемін. Бүгінгі «Алтын күз» мерекесіне арналған спорттық шарада жүлделі II орынды жеңіп алдым. Барша достарымды жеңісімен құттықтаймын, – дейді жеңімпаз Қайсар Төлеген.

Спорттық шаралар легі арқан тартыспен қорытындыланды. Жеңісті жолдан жығылмайтын ақсулықтар бұл жолы III орынға тұрақтады. Ал мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің жастары II орынды иеленсе, «Талап» шаруа қожалығының еңбеккерлері I орынды жеңіп алды.

Кіл мықтының басын қосқан бұл спорттық сайыста бар ынта-жігерімен, жеңіске деген құлшынысымен жеткен жеңімпаздарға аудандық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Шарабан Қалыбаев алғыс хат, медальдар, демеушілердің қаржылай сыйақысын табыстады.

**Сезім НҰР**

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Таралымы 2840 Тапсырыс № 1720**

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

**Кезекші редактор: Ақнұр АЛТЫНБЕК**